

«ЕСКЕРТКІШ ОРНАТТЫМ МЕН ҚОЛДАН КЕЛМЕС...»

Алматыкітап баспасы
2012

УДК 821.161.1 = 512.122
ББК 84 (5 Каз-Рус)-7
П 89

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жалпы білім беру
салаларына оқу-тәрбие үрдісінде оқу құралы ретінде ұсынады

Пушкин Александр Сергеевич

П 89 «Ескерткіш орнаттым мен қолдан келмес...»: Көпшілік-танымдық басылым
/ Құрастырушы А.Ү. Сужикова – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012. –
176 бет; суретті.

ISBN 978-601-01-0787-8

«Мектеп кітапханасы» топтамасы бойынша ұсынылып отырған кезекті басылым. XIII ғасырдан бастау алған бұрынғы ақсүйек дворяндар болған орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкиннің ататегінің тарихы Орыс мемлекетінің құрылу тарихымен тығыз байланысты. Кітапта ақынның шыққан тегі, өмірбаяны, отбасы жөнінде мәліметтер бейне материалдармен безендіріліп берілді.

Пушкин шығармаларын өз ортасына ұғымды, түсінікті етіп Абайдан артық аударған аудармашы жоқ. Балалар осы басылым арқылы Абай аудармаларымен таныса алады. Бұлардан басқа кітапқа елдің еркіндігі мен тәуелсіздігін жақтаған Петр I патшаның бейнесін сомдаған «Полтава» поэмасы және Пугачев тарихына арналған «Капитан қызы» атты повесі енгізілді.

УДК 821.161.1 = 512.122
ББК 84 (5 Каз-Рус)-7

ISBN 978-601-01-0787-8

© Құраст.: А.Ү. Сужикова, 2009
© Құраст.: А.Ү. Сужикова, 2012, өңделген
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2009
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2012, өңделген

АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ ПУШКИН

(1799–1837)

Орыстың ұлы ақыны, классикалық орыс әдебиетінің негізін қалаушы Александр Сергеевич Пушкин 1799 жылы 26 мамырда (6 маусым) Мәскеу қаласында дворяндар отбасында дүниеге келген. Бала кезінде Александр жайбасарлығымен және үндемейтін мінезімен анасын қажытатын. Анасы Надежда Осиповна Ганнибал балаларын қатал тәрбиелеген. Анасы ашуланған сәттерде Александр әжесі Марья Алексеевна Ганнибалдың себетінің ішіне жасырынып отыратын болған. Әке-шешелері, күтушілер балалармен өзара тек француз тілінде ғана түсінісетін болғандықтан, олар әбден осы тілде сөйлесуге үйреніп кеткен. А.С. Пушкиннің бойына орыс тіліне деген сүйіспеншілікті әжесі дарытқан. Отбасыларының өткен-кеткен тарихынан да әжесі арқылы хабардар болған. Халық әндерін, билерін басқа да көңіл көтерерлік өнер түрлерін Захарово селосында естіген.

Ақынның болашағына үлкен әсерін тигізген, әсіресе оның табиғат көріністерін ақындық тұрғысынан түсінуіне көмегін тигізген тағы бір адам – күтушісі Арина Родионовна. Адал, шын берілген, өте ақылды, Арина Родионовна өзі білетін сан жетпейтін мақал-мәтел, әндер, ертегілерін Александрға айтып беретін. Александр әжесімен, күтушісі және заңгер Беликовпен ғана орыс тілінде сөйлесетін. Тоғыз жасында Александр француз тілінде Плутарх пен Гомерден бастап, әкесінің бүкіл кітапханасындағы XVII ғасырдың классиктері, ақындары және Ағарту кезеңінің ойшылдарының шығармаларын құмарта оқыған. Жас кезінен кітап оқуға деген құмарлығы, үй ішінің әдебиетке деген көзқарасы (Александрдың әкесі балаларына Мольерді дауыстап оқитын) жас баланы өзін шығармашылық жағынан байқап көрсем бе деген құштарлыққа итермеледі.

1811 жылы Царскосельск лицейінің ашылатыны жөнінде хабар келген. Александр оқуға түсуге дайындалған кезде әкесінің ағасы Василий Львовичтің үйінде алғаш рет петербургтік әдебиет саласының қайраткерлерімен кездескен. Емтихандарды табысты тапсырған Александр лицейге қабылданады. Осы лицей қабырғасында алғашқы өлеңдерін жазып, әдеби топтағылардың көзіне түседі.

Лицейді бітіргеннен кейін Сыртқы істер Коллегиясында қызмет істейді.

1820 жылы оның «Руслан мен Людмила» поэмасы жарық көрген. Өз ойын еркін жеткізетін жас ақын үкімет басындағылардың назарынан тыс қалмайды, қызмет бабымен деген сылтаумен А.С. Пушкинді оңтүстікке жібереді. Кавказбен Қырымда болған кезінде «Бақшасарай

фонтаны» (1823), «Ағайынды қарақшылар» (1821–1822) туындыларын жазады. Осы шығармалары арқылы ол романтизмнің төңкерісшіл, еркіндік идеясына толы жаңа типін жасайды. «Сығандар» поэмасы ақынның романтикалық тұрғыда жазылған шығармаларының соңғысы болды.

1824 жылы А.С. Пушкинді әкесінің жер меншігіндегі Михайловск селосына жер аударады. Осы жерде «Борис Годунов» трагедиясын жазады. Халықтың өткендегі ұлттық өмірін көркем әдебиет арқылы көрсету орыс әдебиетінің маңызды міндеті деп түсінді. Ол орыс халқының тарихын Пугачев, Степан Разин жөніндегі материалдардан іздеді. «Борис Годунов» трагедиясы зор шабытпен жазылған шығармаларының бірі болатын.

Осы трагедиясының мазмұны XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басы, ақынның өзі айтқандай, орыс халқының тағдырына қатер туған, алмағайып заман көрінісі болды. Шығармадан сол кездегі қоғамның барлық тобын: халықты, боярларды, діни адамдарды, патшаны көреміз. Трагедияның құндылығы – тарихи шындықтың дәл берілгендігінде және орыстардың өмірінің кеңінен көрсетілуінде. Бұндай реалистік дүниені жасауда ақынның айтуынша, Шекспирдің тарихи хроникасын зерттеуінің көп көмегі тиген. Осы шығармасы арқылы ақын әдебиетте бұрын болмаған жаңа форма жасап, революция жазады десе болғандай. «Борис Годунов шығармасы арқылы ол әрі ақын, әрі тарихшы ретінде танылды. Бірақ шығармаға тыйым салынып, 1831 жылы ғана басылып шықты. Трагедия 33 жыл өткеннен кейін сахналанған.

Шығармашылық жағынан әбден қалыптасқан шағында А.С. Пушкин өзінің шығармаларын көбінесе Ресей тарихына бұрып, өз заманының қоғамдық психологиялық мәселелерін көтерген төмендегі шығармаларын жазған: «Полтава» (1828), «Мыс салтатты» (1833), «Пугачевтің тарихы» (1833), «Евгений Онегин», т. б.

1833 жылы Орынбор, Орал қалаларында болған кезінде қазақтың лиро-эпостық жыры «Қозы Көрпеш–Баян сұлуды» жаздырып алып, осы тақырыпта шығарма жазуды жоспарлаған. Құран сүрелерін өлеңмен жырлаған.

1831 жылы Пушкин асқан сұлу ару – Наталья Гончароваға үйленеді. Отбасылық өмірі қызғаныш, күншілдердің жауыздық іс-әрекеттері араласқан азаппен өткен.

1837 жылы әйеліне араша түсіп және өзінің намысын қорғау мақсатында Дантесті дуэльге шақырған Пушкин ауыр жарақат алып, 2 күннен соң қайтыс болады.

А.С. ПУШКИННІҢ ШЫҚҚАН ТЕГІ

Орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкиннің ата-тегінің тарихы – Орыс мемлекетінің құрылу тарихымен тығыз байланысты, XIII ғасырдан бастау алған бұрынғы ақсүйек дворяндар.

Бұдан да ертерек ақын тегінің басқа бұтағы болған (әжесі Мария Алексеевна жағынан) – Ржевскийлер. Ржевскийлердің тегі Рюриктен басталып, Чаадаев, Воронцов, Бутурлин, Колычев, Чернышевтар, Голицындар және басқа да дворян отбасыларымен туыстық қатынаста болған.

XVIII ғасырдан Пушкиндер тегінің үшінші тармағы – Петр I-ні тәрбиелеген және кіндік атасы, ұлты абисин Абрам Петрович Ганнибалдан тарайды.

Ганнибалдың баласы Осип Абрамович М.А. Пушкинаға үйленіп, олардан Пушкиннің анасы Надежда Осиповна туған.

Бұдан да әрірекке үңілсек Пушкиндер тегі Кострома, Москва, Новгород губернияларының дворян тектерінің шығуы туралы кітаптарының 6-шы бөліміне енгізілген.

Тұқымның негізін қалап, аты аңызға айналған адам XII ғасырдың бірінші жартысында Киевте ме, Новгородта ма тұрған.

Оның шөбересі, осы тұқымның алғашқы тарихи шын тұлғасы Гаврил Алексич – 1240 жылғы Невск түбінде болған шайқасқа қатысқан, Александр Невскийдің жасақшысы. Оның немерелері Мәскеуге көшіп, сол жердегі боярлардың ішінде үлкен мәртебелі дәрежеде болған.

XIV ғасырдың ортасында олардың бірі Морхининнің ұлы Григорий Александровқа Пушка деген лақап ат берген.

Григорий Пушканың көптеген ұрпақтары төрт жүз жылдан астам уақыт Мәскеу және оның маңындағы жерлерді мекендеп, көптеген вотчиналары болған. XIV ғасырдан бастап Пушкиндер тегі Романовтардың алғашқы билігі кезеңіне дейін дәуірлеп тұрған. Бірақ XVII ғасырдың аяғына таман әулет мүшесінің бірі – Федор Матвеевич А.П. Соковин мен И.Е. Цыклердің Петрге қарсы астыртын ұйымдастырған әрекеттеріне қатысқаны үшін 1697 жылдың 4 наурызы күні патшаның қаһарына ұшырап, басы алынды.

Бұл оқиға жөнінде А.С.Пушкин өзінің «Моя родословная» деген өлеңінде:

*Упрямства дух нам всем подгадил:
В родню свою неукротим,
С Петром мой пращур не поладил
И был за то повешен им.*



Бала Пушкин
Суретші Ксавье де Местр.
1802 ж.



Сергей Львович Пушкин
Белгісіз суретші. 1810 ж.
Пергамент, пастель

XVIII ғасырда Пушкиндер биліктегі ақсүйектер қатарынан шығып қалды, бірақ сарай маңында және әскери қызметтерінде қалды.

Бір қызығы, жазаланған Ф.М. Пушкин ақынның әйелі – Н.Н. Пушкинаның, қыз кезіндегі фамилиясы Гончарованың арғы атасы болатын.

А.С. Пушкиннің әкесі жағынан арғы атасы – Александр Петрович Преображенск полкіндегі лейб-гвардияда әскери қызмет атқарған. Әйелі Евдокия Ивановна Головина Петр І-нің сүйікті адмиралы, граф И.М. Головинның қызы болатын.

Олардың жалғыз ұлы – Лев Александрович (1723–1790) А.С. Пушкиннің атасы артиллерияда әскери қызмет атқарып, 1763 жылы подполковник шенінде демалысқа шыққан. Екінші әйелі Ольга Васильевна Чичеринадан А.С. Пушкиннің әкесі Сергей Львович дүниеге келген.

А.С. ПУШКИННІҢ ОТБАСЫ

Пушкин Сергей Львович (1770–1848) (кейбір деректер бойынша туған жылы 1770 ж.) – А.С. Пушкиннің әкесі.

Бай помещик, артиллерия подполковнигі Л.А. Пушкиннің ұлы, ақсүйектер рухында француз тәрбиесін алып, жастайынан әскери адам болған. 1797 жылы капитан-поручик шенінде отставкаға шыққан. 1802 жылдан Әскери кеңесші, 1812 жылы Орел, Нижний Новгород және Варшавада Комиссариат комиссиясының басшысы қызметтерін атқарған. 1817 жылы стат кеңесшісі шенінде отставкаға шыққан. Кейінгі өмірін ақсүйек ретінде өткізген, әдебиетпен айналысқан, өлең жазған.

1796 жылы Н.О. Ганнибалмен семья құрып, алты баланың әкесі болған. Балалардың ішінде ересек жасқа жеткендері

Ольга, Александр және Лев. Үлкен ұлы Александрмен ешқандай рухани жақындағы болмаған. Олардың қарым-қатынастары ақынның өмірінің соңғы жылдары ғана жақсарған.

Пушкина Надежда Осиповна (21.06.1775–29.03.1836), қыз күніндегі фамилиясы Ганнибал – А.С. Пушкиннің анасы, генерал-аншеф, «Ұлы Петрдің арабының», яғни Абрам Петрович Ганнибалдың немересі. Қоғамда оны «әдемі креолка» деп атаған. Оның әке-шешелері – О.А. Ганнибал мен М.А. Пушкина.

Күйеуі С.Л. Пушкинмен туыстығы болған. Оның арғы атасы Федор Петрович Пушкин – С.Л. Пушкиннің атасының туған ағасы.

Ақынның әпкесі О.С.Павлицеваның естеліктерінде, шешелері «әрқашанда көңілі көтеріңкі және уайымсыз» болатын, отбасы тауқыметі оның тынышын кетіретін, уақытын ақсүйектердің арасында өткізгенді жақсы көретін. Анасы да үлкен ұлы Александрдан гөрі қызы мен кіші ұлы Левті жақсы көретінін жасырмаған». Н.О. Пушкинаның үлкен ұлымен қарым-қатынасы өлер шағында ғана жақсарған.

1836 жылдың сәуір айында ақын анасын ата-аналары – О.А. мен М.А. Ганнибалдар жатқан Святогор монастыріне апарып жерлеген. Осы жерге он айдан кейін Александр Сергеевич Пушкиннің өзін де жерлеген.

Ганнибал Иван Абрамович – А.С. Пушкиннің нағашы атасының ағасы, атақты «патшаның арабы» Абрам Петрович Ганнибалдың үлкен ұлы. Теңіз артиллериясында әскери қызмет атқарған. 1768–1774 жылдары болған орыс-түрік соғысында жақсы жағынан көзге түскен. Оның есімі Царско-сельск саябағындағы Морейск колоннасының ескерткіш тақтасында жазылған: «...На-



Надежда Осиповна Пушкина
Ксавье де Местр.
Сүйек, акварель, гуашь



Иван Абрамович Ганнибал
Белгісіз суретші.
XVIII ғ. соңы.
Кенеп, майлы бояу



Алексей Федорович Пушкин
Белгісіз суретші. 1770 ж.
Кенеп, майлы бояу

варинская қамалы бригадир Ганнибалға тізе бүкті».

А.С. Пушкин И.А. Ганнибал жөнінде былай деп жазған: «Ол әскери қызметке әкесінің қарсылығына қарамай барып, ерекшеленген, кейін алдында жорғалап жүріп өзер дегенде әкесінің кешірімін алған. Чесмоның түбінде ол өрт сөндіруші команданы басқарып, күлі көкке ұшқан кемеден аман қалғандардың бірі болды. 1770 жылы ол Наваринді жаулап алды. 1779 жылы Херсонды салып бітірді. Оның қаулыларын күні бүгінге дейін жарым күндік Ресей аймақтары құрмет тұтатындығы жөнінде 1812 жылы кездестірген шалдардан естігем...».

Пушкин Алексей Федорович (1717–1777) – А.С. Пушкиннің арғы атасы. Сарай қызметшісі ақынның әкесі және шешесі жағынан да туыстық тармақтың негізін қалаушы – Петр Петрович Пушкиннің немересі. Ол Петр І-нің сарай қызметшісі, 1712 жылы Петр І-нің Прутск жорығында жаралануына байланысты әскери қызметтен демалысқа шыққан, поручик Федор Петрович Пушкиннің жалғыз ұлы болатын.

А.Ф. Пушкин 1730 ж. ханша Прасковья Ивановнаның сарайында қызмет атқарған; 1732–1736 жылдары – Шляхетск құрлық әскери корпусының кадеті; 1736 жылы оқуын тамамдағаннан кейін Тверьдегі драгун полкінде прапорщик қызметінде; 1737–1739 жылдардағы Осман империясының Ресеймен одақтағы Габсбургтер империясына қарсы ашқан соғысына қатысқан; 1746 жылы жараланып, капитан шенінде (суреттегі киімі осы шендегі киімге келеді) демалысқа шыққан. Өзінің туып-өскен Липецк қаласынан алыс емес Кореневщинінде дүниеден озған.

Әйелі Сара Юрьевна Ржевская – Нижний Новгород губернаторы Ю.А. Ржев-

скийдің кіші қызы. Олардың қызы Мария 1772 жылы танымал «Ұлы Петрдің арабының» баласы – крепостной теңіз артиллериясының капитаны Осип Абрамович Ганнибалға тұрмысқа шыққан. Мария Ганнибал – А.С. Пушкиннің нағашы әжесі.

Павлицева Ольга Сергеевна, қыз кезіндегі фамилиясы Пушкина (1797–1868) – Пушкиндер отбасының тұңғыш қыздары. Пушкиндер осы қыздары дүниеге келісімен өмірінің ақырына дейін өздерімен бірге болған Арина Родионовнаны балаларына күтуші ретінде алған еді.

Бала кезінен інісі А.С. Пушкинмен тату болып, оның алғашқы әдебиет саласындағы тәжірибелерінің тыңдаушысы және сыншысы болған. А.С. Пушкин А.П. Керннің куәландыруынша «алдымен өзінің күтушісін, сонан соң әпкесін шынайы жақсы көрген».

1830 жылдары олардың туыстық қатынастары күйеуі Н.И. Павлицевтің Пушкиндерге Ольга Сергеевнаның мұрагерлік дүние-мүлігі және Михайловск жөнінде қойған талабы кесірінен қиындап кетті.

Павлицевтердің бір ұл, бір қызы болған. Ұлы Лев Николаевич нағашысы А.С. Пушкинге өз балаларынан гөрі көп ұқсас болатын, ал қыздары Надежда Ганнибалдар әулетіне тартқан.

1862 жылы Ольга Сергеевна көз жанапынан айрылып, 1868 жылы ұзақ науқастан кейін дүние салған.

Лев Сергеевич Пушкин (1805–1852) – А.С. Пушкиннің інісі, отбасының сүйіктісі. Шетелдік діни істер департаментінде қызметші, 1827 жылы Нижегородскінің драгун полкінде юнкер, 1827–1829 жылғы парсы-түрік соғысына, 1831 жылғы Польшадағы соғысқа қатысқан.



Ольга Сергеевна Павлицева
Суретші Е.А. Плюшар.
1830 ж. бас кезі.
Қағаз, акварель



Лев Сергеевич Пушкин
Суретші А.О. Орловский. 1820 ж.
Қағаз, қарындаш, көмір

1832 жылы капитан шенінде демалысқа шыққан. 1836 жылы әскери қызметке қайта оралып, Жеке кавказ корпусында қызмет істеп, 1842 жылы екінші мәрте демалысқа кеткен. Өмірінің соңғы жылдары Петербург пен Одесса қалаларының кеден ведомствасында қызмет атқарған. 1943 жылы Елизавета Александровна Загряжескийге үйленген.

Өлең жазған, ағасының шығармаларын жатқа білген. Өмір жолын жаңа бастаған інісіне А.С. Пушкин бір хатында өмірдің кейбір заңдылықтарын ұстану жөнінде былай деп жазған екен: «...сенің қазіргі іс-әрекеттерің сенің алдағы атақ-даңқыңды анықтайды, мүмкін өмірдегі сәттіліктеріңді де.

Адамдар жөнінде көзқарасың өз жүрегіңнің қалауымен ғана кесіп-пішілмесін, сенің жүрегің мен сенгендей әрқашан көмекке әзір тұратын, мейірбан, оның үстіне тым жас. Біреудің саған рақымшылық жасауынан іргеңді аулақ сал, себебі мұндай әрекет құлшылдыққа итермелейді және қорлайды.

Қасақана жасалған ренішті ешқашан ұмытушы болма, сені қорлаған адамға сондай әрекетпен жауап беруші болма, бекерге сөзіңді шығын қылма немесе үндемей құтыл. Саған айтып отырған бұл ақылымның барлығы өз басымнан өткен қиыншылықтардың нәтижесінде келген».

Осы кезеңде жазылған көптеген хаттары А.С. Пушкиннің інісін өте жақсы көргендігін, оның кейбір қарыздарын өтеп, қызметі жөніндегі мәселелерін шешкенін көрсетеді. П.А. Вяземскийдің айтуынша: «Пушкин інісінің кейбір қылықтарына риза болмағанымен оны ең жақын туыстық сезімімен өте жақсы көрді, сонымен бірге ағалық қаталдығы да аңғарылып тұратын».



*А.С. Пушкиннің лицейде
оқып жүрген кезі*
Суретші В.А. Фаворский.
1935 ж.

Яковлева Арина Родионовна (1754–1828), күйеуінің фамилиясы бойынша Матвеева. Бала кезінде Семенов полкінің подпоручигі Федор Алексеевич Апраксиннің крепостнойы болып тіркелген. 1759 жылы А.С. Пушкиннің арғы атасы А.П. Ганнибал Апраксиннен Суйду мен оның айналасындағы жерлерді адамдарымен бірге сатып алған. 1781 жылы Арина шаруа Федор Матвеевке тұрмысқа шығып, Гатчинадан алыс емес, Кобрино селосына көшеді.

1792 жылы А.С. Пушкиннің әжесі Мария Алексеевна Ганнибал жиені мен ағасының балаларына күтуші ретінде жұмысқа алады. 1795 жылы Мария Алексеевна Арина Родионовнаға адал қызметі үшін Кобрино селосынан жер үй алып береді.

1797 жылы ол Ольга дүниеге келгеннен кейін Пушкиндер отбасына келеді.

1818 жылы Мария Алексеевна дүние салғаннан кейін де Пушкиндермен Петербургте, жазда Михайловскіге көшкен кезде үнемі бірге болады.

А.С. Пушкин әсіресе Михайловскіге жер аударылған кезінде күтушісі – Арина Родионовнамен бірге болып, оның тамаша ертегілерін тыңдағанды ұнатқан.

Ол кісінің аузынан көптеген халық әндерін жазып алған.

«Кешкісін күтушімнің ертегісін тыңдаймын. Осы арқылы қарғыс атқан тәрбиемдегі кемшіліктердің орнын толтырамын. Ол менің ең жақын досым, мені жалықтырмайтын да сол ғана», – деп достарына жазған.

Арина Родионовна ақынның айтуынша көптеген шығармаларының кейіпкері болған: «Евгений Онегиндегі» Татьянаның күтушісі, Дубровскийдің күтушісі. «Борис Годуновтағы» Ксенияның анасының прототипі, «Арап Петра Великого» романындағы әйелдер бейнесінде.

1828 жылы Арина Родионовна Петербургте қайтыс болған.



*А.С. Пушкиннің күтушісі
Арина Родионовна
Яковлева
Барельеф.
Суретші Я.П. Серякова.
1840 ж.*

НАТАЛЬЯ НИКОЛАЕВНА ПУШКИНА

(1812–1863)



*Наталья Гончарова Пушкинаның
бала кезі*

Белгісіз суретші.
Қағаз, қарындаш, сангина

Гончаровтар отбасы Наполеонның шабуылынан кейін Мәскеуден Тамбов губерниясына кетуге мәжбүр болған, осында 1812 жылы 8 қыркүйекте Наталья дүниеге келген. Ол отбасында дүниеге келген ең кенже алтыншы бала болатын, кейбіреулердің айтуынша, оның әдемілігі бала кезінен байқалып тұратын.

Алғаш Наталья 1828–1829 жылдары А.С. Пушкинмен қыс айында Рождество каникулдары кезінде Мәскеуде өткен балда кездескен болатын. Наталья 16 жаста еді. Бұл жөнінде А.С. Пушкин 1830 жылдың 5 сәуірінде былай деп жазған: «Мен оны алғаш көрген кезде оның сұлулығын жұрт енді ғана байқай бастаған болатын. Мен оны сүйгендігім сонша, басым айналып, оған үйлену жөнінде сөз салдым».

А.С. Пушкин мен Наталья Гончарова 1831 жылдың 18 ақпанында Мәскеудегі Никитин қақпасы жанындағы Үлкен Вознесения шіркеуінде некелерін қиған. Тойдан кейін бірнеше күннен соң Пушкин былай деп жазған: «Мен үйлендім – сол үшін де бақыттымын. Жалғыз тілегім – өмірімде еш өзгеріс болмауы – бұдан артық ешнәрсені күту мүмкін емес. Бұл сезімнің мен үшін жаңашылдығы сонша, қайта туған тәріздімін». Олар бірге 5 жыл 11 ай 11 күн тұрған. Ақын өлгеннен кейін жесірі төрт кішкене балаларымен қалған. Сол кезде тұңғыштары Мария бес жасқа да толмаған, оның інілері Александр мен Григорийлер төрт және екі жаста, ең кенже қыздары Натальяға 8 ай болатын.

1837 жылдың ақпан айында өлген күйеуінің тілегін орындау мақсатында Наталья

балаларымен астанада кетіп, өз туыстары – Гончаровтардың Калугадағы имениесінде (жер меншігі), кенеп өндіретін заводта тұрған. 1838 жылы Петербургке қайта оралғаннан кейін де төрт жылдай ешкіммен араласпай өмір кешкен. Ол 1842–1843 жылдардың қыс айларында ғана ақсүйектер әлеміне шыға бастап, 1844 жылдың 16 шілдесінде Атты полктың лейб-гвардия командирі П.П. Ланскойге тұрмысқа шыққан.

1830 жылы А.С. Пушкин мұнда болашақ әйелі Наталья Николаевнамен алғаш рет келген. Мақсаты, қалыңдығының атасы Афанасий Николаевич Гончаровқа тағзым ету және болашақ тойдың қамы.

26 мамырда осы жерде А.С. Пушкин туған күнін атап өткен.

Кешікпей А.С. Пушкин Гончаровқа былай деп жазған екен: «Уақыт өте келе сіздің игілікті ықыласыңызға бөленетіндігіме сенімім мол. Қайткен күнде де менің бұдан былайғы өмірім Сіздің жүрегіңізге жақын, өз қалауымен мені таңдаған жанның бақытына бағышталады».

Осы портретінде Пушкиннің жас келіншегі 19-ақ жаста болатын. 1831 жылдың күзінде ол астананың ақсүйектер салонына шыққан кезі. Кешікпей А.П. Брюллов осы портретті салған болатын, бұл ақынның көзі тірісіндегі әйелінің жалғыз бейнесі.


Австрия мемлекетінің дипломатиялық уәкілінің әйелі Д.Ф. Фикелман Н.Н. Пушкинаның көркіне табынып, бұл жөнінде өзінің күнделігінде бірнеше жазбалар қалдырған. Соның бірінде 1832 жылдың 21 қарашасында былай деп жазылыпты: «Кеше, дегенмен ішіміздегі ең әдемі Пушкина болды, біз оны күйеуіне, бір жағынан ешкімге тең келмейтін, көктен түскен періштедей әдемілігіне қарап поэтикалық әсем көрініске балайтынбыз. Бұл – жаратқанның ең шүбөсіз, жалықпай қарап тұра бергіңіз келетін кейпі».



Александр Сергеевич Пушкин
Суретші П.Ф. Соколов.
1836 ж.



Наталья Николаевна Пушкина
Суретші А.П. Брюллов.
1831–1832 жж.



*Кенеп өндіретін завод. Гончаровтардың қонақ күтетін бөлмесі
Белгісіз суретші.*



*Ақынның кабинеті.
«Михайловск» музей-қорығы
(Псков облысы)
XX ғасырдың аяқ кезіндегі
фотосурет.*



Пушкиндер отбасының пайдаланған заттары

Н.Н. Пушкина–Ланскаяның бірінші күйеуінің хаттарын сақтаған қобдишасы.

Ағаш, металл, былғары

Н.Н. Пушкинаның «N[atalie] P[ouchkine]» деген монограмма салынған мөрі.

Қола, ағаш, былғары

Н.Н. Пушкинаның кестелеп жасаған әмияндары. 1820 ж. аяғы, 1830 ж. басы.

Шытыра моншақ, металл, жұмсақ былғары



Ақынның кабинеті

XX ғасырдың аяқ
кезіндегі фотосурет.



Наталья Николаевна Пушкина

В.И. Гау. 1842–1843 жж.
Бристоль картоны, акварель



Наталья Николаевна Пушкина

В.И. Гаудың 1849 ж. салған
портретінен алынған
Ф.В. Сычковтың көшірмесі. 1899 ж.
Картон, акварель

Бұл патша сарайының суретшісі В.И. Гаудың А.С. Пушкиннің жесірін бейнелеген алғашқы портреті болатын. Дәл осы кезде Наталья Николаевна Петербургте өзімен-өзі томаға-тұйық өмір сүріп жатқан болатын.

1842–1843 жылдардың қыс айларында Н.Н.Пушкина патша сарайында өтетін балдарға жиі келетін болған. Оның сұлулығы әлі де болса жұртшылықты қызықтырып, тіпті біреулер көре алмаушылық та танытатын. Князь П.А. Вяземскийдің сөзімен айтсақ, ол осы шақта «таңғаларлық тамаша, талқандағыш, үмітсіз болатын».

Атты полктың лейб-гвардия командирінің әйелі Н.Н. Ланскаяның портретін В.И. Гау полктің басшысы император Николай І-нің елу жасқа толған мерейтойына тарту ететін альбомға арнап жазған екен. 1899 жылы көркем сурет шебері, Ланскойлар отбасының танысы – Ф. Сычков портреттің көшірмесін жасаған.

Н.Н. Ланскаяның көйлегі мен әсемдік бұйымдарындағы ақ және қызыл түстер полктың негізгі түстеріне сәйкес келеді, мойнына таққаны көк таспаға ірі сапфир тас орнатқан түйреуіш. Түйреуіш – Николай І-нің Н.Н. Пушкина мен П.П. Ланскойдың неке тойларына жасаған сыйлығы.